



А 2008
342к

Жоламан АЙДАРБАЕВ



ҰТҚЫНДАР



Жоламан АЙДАРБАЕВ



Роман

Бірінші кітап



Алматы 2007
"Ел-шежіре"

ББК 84 Каз 7-44
А 31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТІРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Айдарбаев Ж.

А 31 Тұтқындар: Роман. 1-кітап. — Алматы: “Ел-шежіре”, 2007.
1-кітап. — 160 бет.

ISBN 978-601-7011-04-8

Бұл шығарма өлім мен өмір белдескен қиын-қыстау кезеңде ортақ тағдыр бауырластырып жіберген қазақ, орыс, француз халықтарының құшақтары айқасқан достығын дәріптеуге, Қазақстан-Франция достастығын одан әрі нығайтуға қызмет етпек.

4702250201
А ————— —2007
00(05)-07

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 978-601-7011-04-8

© “Балауса”, 1996
© Айдарбаев Жоламан, 2007
© “Ел-шежіре”, 2007

*Бұл еңбегімді Ұлы Отан соғысына катысып,
толарсақтан қан кешіп, Ұлы Жеңіске лайықты
үлес қосқан, бұл күнде арамызда жоқ
Айдарбайұлы Оспан ағама арнадым.*

Автор

АЗАП ЖОЛЫ

Алдыңнан да, артыңнан да, қос бүйірден де ажал оғы жауып келеді. Қалт еткенді қағып кетіп жатыр. Оқ атылған сайын тұтқындар баудай түсіп қалып барады.

— Бас, бас аяғыңды!

Булыға барқыраған неміс солдатаның көрлі қыспағына іліккен тұтқындар жыландай ирендеген орман жолында өрең ілбиді. Бас-аяғы көрінбейтін ұзын тізбекке өрең ілесіп келе жатқан кайсыбірі бірте-бірте кейіндеп, ақыр аяғында лектің соңына шығып қалады. Неше күн арпалыстан қалжырап әрі жараланып қолға түскен тұтқындар лектің соңына да ілесе алмайды. Мұндайда неміс солдаттары бір дүркін оқ сеуіп өте шығады. Осы айдауда келе жатқандарына бүгін он бесінші күн. Адам үш күннен кейін тамұққа да үйренеді деуші ме еді. Алғашында мына сұмдыққа үрейлене қарап, ажал бүріккен жау автоматының үні олардың жүрегіне кек боп түйіліп еді. Енді сөт сайын төнген тажалға үйреніскендей. Тарылдаған ажал үні шыққан сайын жапырыла артқа мойын бұрады да, түнере қарап, майдандас достарына “бақұл бол” дегенді іштей қайталап, ілгері ілби түседі.

Лепес өрең жылжиды. Бірақ қалжырағанын сездіргісі келмей қайрат шақырады. Аяғын ширақ басуға ұмтылады. Әйтсе де аяқтары еркіне бағынбай барады. Оқтың-оқтың теңселіп барып өзін өрең билейді. Тыныстағысы келеді. Неміс автоматтары от бүркіп өткен сайын, ол бар дәрменімен қайта қозғалады.

— Бас, бас аяғыңды, — дейтіндей оған әлдекім, — сен әлі жассың, өмір сүруге тиіссің. Жаудан өш алуың керек. Сені анау кең байтақ қазақ жері, өзің туып-өскен Ақтөбе, Шалқар, аттандырып салған Қарақалпақстан, күллі Қоңырат өлкесі, ата-бабаның қасиетті мекені Маңқыстау жаудан кек алады деп күтіп отыр.

— Балам, жау үнін өшіріп, елге аман орал. Сапарыңның сәтті болуын алдымен бір құдайға, сосын әулие-әнбилер-сендерге тапсырдым, — деп әкесі Шыман қарт қалтыраған

саусақтарын әрең қозғап ұлын кеудесіне қысқанда, анасы Дәріжан ағыл-тегіл аңырап келіп, Лепеске асыла кеткен.

Аңырап қалған ауыл-аймақ көз алдына келеді. Олар түтел аманат жүктеп қалды. Ал, сол аманаттарды орындай алды ма? От кешкен осы жылдар ішінде ол талай жауды жер жастандырды. Талай майдандас жауынгерлер оның көз алдында оққа ұшты. Небір боздақтар өмірін үзді. Алматылық Сырым Бозданов, Ақтөбелік Жарқын Жабақов, Қоңыраттан ауылдас Сарбек Қоспақов жігіттің төрелері еді-ау! Олардың бәрінің арманы бір болатын. “Жеңіспен елге аман оралар болсақ, барлығымыз Алматыда бас қосамыз,— деп алматылық Сырым алысты армандаайтын.

— Лепес, екеуіміз бір ауылданбыз ғой. Және екеуіміз де мұғалімбіз, бір мектепте істеп, ажырамайтын боламыз. Солай емес пе? деп Сарбек армандарын айтқанда, көздерінен әлдебір үміт оты ұшқындайтын.

— Солай, — деп Лепес те сол күнді аңсап, тап қазір осы достарымен ауылда, үйінде, дастархан басында бірге отырғандай оған ықыластана қарайтын. Енді міне, сол достарының өмірі жау қолынан қырқылды. Бәрі де оның көз алдында болды. Өзін де ажал оғы алдына салып айдап келеді. Осы жолдың өзінде-ақ талайын қатардан жұлып өкетті. Қанды көйлек, армандас жолдастарына қазір қол ұшын да бере алмай сонша бейшара күйге түскеніне қорланды. Оның жаны мына арманы жолда қалғандардан артық па? Ең болмаса олардың жүзін жасыра алмағаны жанына қатты батты. Кеше ғана осы жігіттер әлдеқандай күн туса бірін-бірі жауға тастамайтын болып, көз жұмса жүзін жасырып, елге сәлемін жеткізе баратын болып қол алысқан. Бұл - 11 мамыр күні болатын. Мұны Лепес ұмытқан жоқ.

Лепес алғаш соғысқа кеп кірген 1941 жылдың қазан айында Курск доғасы түбінде шайқасқа түскен. Содан Украина майданында соғысты. 2556 атқыштар полкінің 82-ші минометті батальоны жауды өкшелей отырып Орша қаласына жақын кеп, Дон өзенінің бір иініне орналасқан. Қала жау қолында. Мамыражай мамыр күндері Беларусь қаласы ерекше күйде. Кешегі үш күнге созылған ағыл-тегіл жаңбырдан кейін күн тас төбеге шығып алып нұрын төгіп тұр. Мылқау орман алтын шуаққа малынып, құстардың әсем әуеніне балқып елти қапты. Лүп еткен жел жоқ, әсем бір тыныштыққа малынып, сонау зеңгір көкке таласа қол созған ақ қайындар маужырап, үнсіз мүлгиді. Осы бір әсем тыныштықты оқтын-оқтын зіркілдеген зеңбірек үндері ғана бұзып тұр. Шегініп келе жатқан жау Орша қаласына келіп бекініп алған. Жауды өкшелеп отырып төрт тәулік бойы қуған кеңес әскерлері

Белгородты босатып, Дон өзенін жағалай келіп жаңа шепке бекініс жасады. Өзеннің үлкен доға іспеттес иініне орналасқан қала жағадан айқын көрінеді. Қаланы қоршай үлкен иіннің оңтүстігіне 556-шы атқыштар полкі 12 мамыр күні таң қараңғылығында келіп орналасқан. Иіннің қақ ортасында қалаға кірер үлкен көпірдің өкпе тұсында жаумен бетпе-бет кездесуге және тосыннан соққы беруге қолайлы деп таңдап алынған ұрымтал жерде 82-ші минометтік батальон тұр. Рота командирі Иван Константинович Павелецкий взводтарды тағы бір аралап, айқасқа өзiрлігін тексеріп шығуды мақұл көрген. Сол кезде І бөлімше командирі Шыманов Лепес жауынгерлерін жаңа шепке шығарып, минометтерді жауды нысанаға ала орналастыруға көшкен. Лепес үш жауынгерге нысананы айқындауды тапсырды. Олардың бірі — жерлесі, көрші Мойнақтан, ефрейтор Айдынов Әбу қазір тұсынан өтіп бара жатқан Лепеске ауылдан хат алғанын айтты. Екеуі елді еске түсірісіп алды. Таң атқалы шепті аралап, блиндажға кіріп, штабқа барып шаршап қайтқан ол, қазір әңгімеге айналып қалғанын байқамады. Әрегіректе кісі бойы қазылған окоптар ішінен жауынгерлердің темір каскалары қылт-қылт көрінеді. Ор түбінде тасқа қадалған күректер шақ-шұқ етеді. Бұлардан аулағырақта шоғыр ағаш түбінде минометтер орналасқан. Ұзын өңештері қалаға қарай мойнын созып, үңірейіп-үңірейіп кезек күтіп тұр. Минометшілер — бірі тірек плитасын, екіншісі қолтығына қыстырған оқ құтыларын әкеліп, ұясына орналастырып жатыр.

— Зеңбірек от ашуға дайын, — деп хабарлады жарықшақ дауысты жауынгер арыдан. Бұл—соңғы расчёт хабары болатын. Енді ол взвод командирі Оңтаев Нұрбергенге мәлімдей алады. Ол осыдан жарты сағат бұрын ғана зеңбіректерді орналастыруды жеделдетіп бітіруге тапсырма алған. Қазір сол тапсырманың уақытында біткеніне қуанды. Енді жерлесі Әбумен аз-кем шүйіркелесіп, орнынан көтеріле бергені сол еді, арыдан бір топ адам шыға келді. Қарсы кеп қалған топ ішінен оның алдымен байқағаны рота командирі капитан Павелецкий болды. Ұзын бойлы, ат жақты, қырықтарға келе қоймаған жігіт осыдан біраз бұрын көргенінде иықты да жауырынды, қақпақ тұлғалы көрінген. Қазір оның өңі құқыл тартып, шөгіп кеткендей. Лепес әскери тәртіп бойынша қалт тұра қалды.

Полк командирі жанындағы аласа бойлы, аға сержант Нұрбек Досымовқа қарады.

— 82-ші зеңбірекшілер батальонының атқышы сержант Лепес Шыманов, — деп таныстырды ол.

—Өткен Белгород үшін соғыста нысананы дәл атқылап

қарсы алдындағы жаудың ту-талақайын шығарған атқыш осы болады, — деп толықтырды ол сөзін, арада сәл үнсіздіктен кейін.

Полк командирі жүзіне барлай қарағанда, оның ағынан көгі мол шегір көздері өңменінен өтіп кеткендей болды. Командир сол жақ езуін сәл жымыра келіп, оның қолын алды.

— Рахмет, сарбазым, — жауды тек қана солай соғу керек.

Оның сөзіндегі жылылықты өңінен көре алмады. Сұсты жүзінде күлкінің нышаны да байқалмады. Былай шыға беріп командир:

— Сендер байқадыңдар ма?— деді жанындағыларға, — әлгіндегі жауынгердің маған батылдығы ұнады.

Командирдің өзі туралы айтқан бұл лебізі лезде-ақ Лепестің құлағына кеп жеткен. Әйтсе де оған көңіл бөлген Лепес болған жоқ. Ол әдеттегісінше зеңбіректер төңірегінен шықпады.

Оқтын-оқтын ысылдап екі жағыннан кезек-кезек, енді бірде төбеннен жау оғы ойнақ салады. Мұндайда окопка тығыласың, не топырақ үйінділерін қорғалап жерден бас көтермей жатып аласың. Біраздан кейін оқ саябырсыған соң ғана басыңды көтересің. Лепес взвод жігіттерін орналастырды да, енді блиндажға кіріп шықпақ болды. Әлгінде взвод командирі Нұрберген Оңтаевқа жігіттерді орналастырғасын хабарла деген де, өзі терең ор бойын қуалай жүгіре жөнелген. Қазір Лепес сол ізбен кері қайтып келеді. Ол блиндаж алдында Бәкесті қарсы жолықтырды. Әскери тәртіп бойынша оң қолын маңдайына жеткізе:

— Жолдас командир, тапсырма орындалды, — деп саңқ етті.

— Жарайсың, — деді ол, — ал қазір кезекті шабуылға дайындаламыз. Тез жауынгерлерге жеткіз.

— Күп болады, жолдас командир.

— Ендеше, жөнел.

Лепес әскери әдеппен кері бұрылған да жүгіре жөнелген. Кенет жау оғы жауып кетті де, ол етпетінен жер құша құлап түсті. Тас төбеден суылдаған оқтар анадай жерге қадалып, жер топырағын бүрк-бүрк еткізіп аспанға атып-атып жіберді де, тыйыла қалды.

Ол қайта басын көтеріп, ұмтыла түскен еді.

— Оқ тиді, — деген дауыс ышқына шықты.

Артына бұрылғанда әлгіндегі орнында сұлап жатқан Нұрбергенді, оған көмекке ұмтылған үш жауынгерді көрді. Ұмтыла келіп, оның үстіне еңкейгенде ғана көрді, маңдайдан шапшыған қан қос самайына жарыса ағып, ұйып қалған.

Оның басын сүйемек болып еді, сұлқ дене қозғалтпады. Ол мәңгіге көз жұмып кеткен екен. Зембімен көтеріп бара жатқанда да, Лепес оның кан жуған жүзінен тіршіліктің үміт—нышанын байқағысы келгендей көз алмай қарады. Бірақ көңілі өлдіге қимағанымен, жүрегі бір жамандықты сезгендей, мұздап қоя берген.

Ол осы бағытында жүгіріп взвод жауынгерлеріне келіп баян етпекші еді. Бірақ оған шыдамы жетпей келе етпетінен түсті.

— Біз Нұрбергеннен айрылдык,— дегенді үзіп-үзіп зорға айтып, өкіріп жіберді. Жауынгерлер оның жанына тез жинала қалды. Тағы да автоматтар тарылдап, жау оғы жауып кетті де, іле дабыл берілді.

— Кезекті шабуылға өзірленіңдер,— деген өктем үн ауыздан ауызға тез тарап жатты.

Лепес жас шайған көзін жең ұшымен сүртіп жіберіп, орнынан тұрып:

— Кезекті шабуылға дайындалыңдар, — деді әлгіндегі окопты жағалай келіп қалған бұйрықты қайталап. Даусы қатқыл шықты.

Өзеннің арғы бетінен шепке бекінген жау танктері анық көрінеді. Олар қайта-қайта орын ауыстырып, қимыл үстінде екені байқалады. Өзенді орағытып айналып өткен қарсы беттегі әне бір шоқ тоғай ішінде бекінген жау зеңбіректерінің ұзын еңештері қозғалып—қозғалып қояды...

Лепес автоматын окоптың бір ұрымталдау тұсына орнатты да, енді қарауылға алып жау шебінің координаттарын тағы бір шолып шықпақ болды. Саусағын шүріппеге апара беріп тез тартып алды.

— Сержант Шымановты полк командирі шақырады,— деген дауыс естілді.

— Сержант мен боламын, — деп жауап бермек еді. Бірақ тілі күрметіліп барып, үні қалтырап шықты.

— Құп болады!

Полк командирін ол бақылау пунктінде кездестірді. Оның жанында аға сержант Нұрбек Досымов жоқ болып шықты. Полк командирі кеткелі жатқан болса керек, атының шылбырын ұстаған күйі үзеңгіге аяғын сала беріп қайтып алды. Лепес сәл ерте кеп қалғанына өкінді. Оның кетіп қалғаны, қазір бұл жерде болмай шыққаны жөн еді.

— Сержант Шыманов, неге шақырғанымды білесің бе?

Ол өткір шегір көздерін бұған қадай қарады. Әлден оның көкшіл көздері күлім қаққандай болды. Әдеттегі сұсты жүзі жайма-шуақтана қалды.

— Сен осы қазірден бастап Онтаевтың орнына бөлімше командирлігіне тағайындалдың. Қазір бөлімшені қабылдап ал да, кезекті шабуылға дайындал. Түсінікті ме?

— Құп болады, жолдас капитан!

Ол қазір мұны ойланып айтқан жоқ, әдеттегі дағды бойынша ғана қайталаған. Бөлімше командирлігі жөнінде қайтып келе жатып қана ойлады. Бөлімшені басқара алам ба? Қолымнан келмесе ше? Жауынгерлерді бағындыра алам ба? Әлгінде неге осыны ашып айтпадым деп өкінді. Бірақ ол жерде олай деп ашып айта алмас еді. Капитан өте қатал адам. Көңілінен шықпасаң аяушылық жасамайды. Ол бөлімшеге қайтып келгенінде:

— Атыңдар, — деген бұйрық та бірге жеткен. Бұл атқыштар полкіне берілген бұйрық. Әдетте шабуыл алдында жауды минометтен біраз төмпештеп алатын да, ізінше шабуылға көтерілетін. Қазір де солай басталды. Кезек алған минометтер жарыса зіркілдей жөнелді.

— Цель...

— Угломер...

— Уровень...

— Прицел., — деп радист асыға-аптыға хабарлап жатты. Оның айтқандарын қалт жібермей телефонистка қыздар қайталайды.

— Дайын ба?

— Дайын.

— От ашыңдар, — дейді арыдан зеңбіректер зіркіліне қосылып қақала-шашала шыққан дауыс.

— Атыңдар, — деп қайталайды Лепес.

Зеңбіректер аузынан от бүркіп, жер тарпып тұрып алады. Бұл көрініс бірнеше рет қайталанғаннан кейін Дон өзенінің доға тәрізді иінінде шоқ тоғайды паналай орналасқан жаудың сапырылысып, берекесіздікке ұшырағаны байқалады.

Осы сәтті күткендей арыдан:

— Алға, — деген дауыс екпіндей естілді. Ізінше тұс-тұстан “алғалаған” дауыстар жамырай көтерілді. Жауынгерлер окоптан атып-атып шығып алға ұмтылды.

Мұндай сәтте атқыштар батальоны біраз тыныс алады. Тыныстағанда қол қусырып отырмайды. Олар да жұбын жазбай алға жылжып, шабуылдағы жауынгерлерге дем беріп отыратындай жаңа шеп құрады.

Жау жағының аз да болса ығысқанын пайдаланып қазір де атқыштар батальоны жаңа шепке қарай жылжи бастады.

Арада өткен бір сағаттай уақыт ішінде атқыштар полкінің дені бұрынғы жау шебіне, өзеннің қаланы айналып өтер доға

тәріздес иініне кеп тоқтады. Бірінші взвод шоқ тоғайдың астына кеп орын тепті.

— Кезекті шабуылға дайындалындар,— деген дауыс естілді.

Оқ құтыларын арқалап зеңбірекшілер де жетті. Зеңбіректер дауыс жетер жердегі Орша қаласына қарай мойындарын созды. Взводтар дайын болып, кезекті бұйрық күтуде. Оң қолтықта да, сол жақ иінде де кескілескен соғыс жүріп жатқаны сезіледі. Жаудың да, біздің жауынгерлердің де алма кезек алға ұмтылған әрекеттері байқалады. Мұндайда көз алдында жүріп жатқан оқиғаға қарап делебең қозып отырғаның ғана болмаса, жағаласа кетуге зеңбірекшілер қауқарсыз. Жау түбіңе келіп тұрғанда да оны артиллериядан атқылауға рұқсат жоқ. Бұл— артиллериялық соғыс заңы.

Қос қанаттан кезек-кезек зеңбіректер гүрсілі, автоматтардың кезексіз қақсаған үні естіледі. Бірде алыстап, енді бірде жақындай түсетіндей.

Күн көзі түстікке өрмелегенде зеңбіректер үні саябыр-сығандай болды. Аспанда шөкім бұлт жоқ. Күн тымық. Әлгінде ғана басын оқ жапырған биік ақ кайындар енді бір сәт тыныштық құшағына еніп маужырай қалған.

Атқыштар батальонының жаңа шепке шығып, бұйрық күтіп отырғанына да біраз уақыт. Дайындалындар деген бұйрық бөлімшеге әлдеқашан келіп түскен. Бұйрықты Лепес жігіттеріне әлденеше рет қайталап жеткізді. Бірақ ұзаққа созылған бұйрық соңын сарсыла күткен жауынгерлер енді мезі бола бастады. Батальон командиріне Лепес жүгіріп қайта-қайта барды.

— Неге үнсіз қалдық, соғыс жүріп жатыр емес пе? — дейді барған сайын.

Соңғысында байланыстың үзілгенін біліп қайтты. Әдетте мұндай жағдайда байланыс осы жолғыдай көпке созылмай тез қалпына келтірілетін. Қазір батальон командирінің өлденеге қатты мазасызданып отырғанын байқады.

— Күткен уақыт өтіп кетті. Байланысшылардан хабар жоқ. Байланысты қалпына келтіруге екінші рет қосымша күш жібергенін, енді асыға күтіп отырғанын айтты. Қос қанаттағы атқыштар батальонына жіберілген байланысшылар да жоқ.

Соғыста беталды атуға болмайды. Мұнда бәрі бұйрықпен жүреді. Отырып тұрғаның, әр басқан қадамың, қысқасы бәрі бұйрық бойынша істелінеді. Лепес батальон командиріне соңғы келгенінде:

— Жолдас капитан, соғыс дәл іргемізде және қақ маңдайымызда жүріп жатыр емес пе. Қарсы алдымызда—жау. Ана бұлдырап сағымға оранған Орша қаласы—қазір жау қолында. Біздің әскер әлі қалаға кірмегенге ұқсайды. Ендеше жау та-

бандап қарсылық көрсетіп жатыр. Қайсыбір тұстарда олар біздің әскерден басым түсіп жатқан болуы да мүмкін. Солай ғой?

— Жә, солай-ақ болсын, — деді бағанадан тағатсыздана тыңдап отырған атқыштар шу ете қалып.

— Ендеше, біздер кімді күтіп отырымыз?

— Әскери тәртіп — бұйрық жоқ, оны қайтеміз? — деді взвод командирлері.

— Түсінем, — деді де Лепес тағы да өз тұжырымын өткізгісі келіп өзеурей түсті.

— Әскери тәртіпке бағынуымыз керек. Бірақ бұйрықты орындамай тұрған неміз бар. Сол бұйрық келмей тұр емес пе. Осындай полк тағдыры сынға түсіп тұрған шақта бұйрықтан тыс та жауға жақсылап “сый” беріп тастасақ әскери жарғы кешіретін шығар. Жарғыға жазылмаған да заңдар бар емес пе.

Лепес бұл тұжырымын осыдан екі ай бұрын командирлер дайындау курсына оқып жүргенде кезекті соғыс қимылын талқылау үстінде маршал Тимошенконың өз аузынан естіген.

— Командирге қарауындағы жауынгерлер тағдыры жүктеледі және оған басымен жауап береді. Негізгі күшті орынсыз шығынға ұшыратпау үшін соғыс үстінде қалыптасқан жағдайға қарай командир өзі де шешім қабылдауына болады. Бірақ ол шешім өз әскерінің пайдасына шешілуге тиіс, — деген болатын.

Қазір Лепес қолбасшының осы сөзін басшылыққа алып отыр.

— Осыдан артық қандай сын кезең болуы мүмкін, — дейді ол тағы да жауынгерлердің көзін жеткізе түспек болып.

— Міне, екі сағаттан бері соғыстан қол үздік. Мұны Жоғары қолбасшы кешіреді деп ойлайсыз ба? Әрине, жоқ. Оған қоса батальон тағдыры қауіп үстінде. Олай дейтінім, біздің әскер әлі қалаға кірген жоқ. Ол — анық. Ендеше, жау жағы басым болғаны. Тап осы қазір іргемізден, мына қос бүйірдегі тылсым орман ішінен жаудың шыға келмесіне кім кепіл. Байланысшыларымыз неге хабар-ошарсыз жоғалып кете береді?

Батальон командирі Павелецкий бағанадан үнсіз отыр, оның себебі бартұғын. Осы бүгінгі шабуылды ұйымдастыру барысында үлкен қателікке жол берілген еді. Мұндай талай шайқастарды бастан кешірген командир мұны ойша өлшеп, пішіп отырған. Қателік қай жерде кетті. Қазір командир соны ойлап бас қатырып отыр. Сағат 10-да ұрандап ұмтылған жауынгерлермен бірге атқыштар полкіне де ілгерілеп жаңа шепке өтуге бұйрық болды. Батальондар Дон өзені бойын жағалап кеп орналасты. Өзеннің доға тәріздес иінін айналып

өткен тұсындағы шок тоғайға Павелецкийдің батальоны кеп орын тепті. Бұл — өткен түнде полк командирінің штабында айтылған тұс. Ол қазір алдына картасын қайта жайды. Әлгіндегі қарындашпен қойған белгілері тұсына тағы үңілді. Шимай сызыққа толы карта бетіндегі жебе ұштарының орынын ауыстырып, бірін ілгері, екіншісін бір табан кейін ығыстырады. Қос бүйірді біресе қыспаққа алса, енді бірде жебе ұштарын созыңқырап, жау шебіне қарай еміне ендеңкіреп барып тоқтады. Осы сәт ол маңдайын тыжырып, қабағын түйді.

— Жолдас командир, — деді картаға оқыс үңілген Лепес өзін-өзі тежей алмай. Өйткені ол карта бетіндегі қазіргі шимай сызықтардан көзге таныс, жанға жат бір сұмдықты көріп қалғандай болды. Тұла бойы тітіркеніп кетті.

— Осы біз қоршауда қалып қойған жоқпыз ба? Біздің батальонның мына қазіргі орны маған ұнамай тұр, — деді картаға төне түсіп.

— Байқап отырсыз ба, жолдас командир, біздің батальон өзеннің мына бір иініне тап келіп тұрған сияқты. Ендеше жау шебіне тым ендеп кеткенбіз. Ал, қос бүйірдегі батальондар мына өзен жағалауына іліге алмай, жаудың күшті қарсылығына тап болып кейіндеу қалған. Менің байқауымша, әлгіндегі зеңбірек үндерінің арт жақтан шығуы сондықтан. Қосымша күштер кейініректе қалып қойды.

Лепестің күдігін капитан Павелецкий одан бұрын байқаған. Және ол өзі де осы тұжырымға келіп, өз ойынан езі шошынып отырған болатын. Оның маңдай қыртыстары текшелене қалды да, өңі адам танымастай қуқыл тартып кетті. Шегір көздері картаны тесіп жіберердей.

Кенет арқа тұстан атыс естілді. Оның барған сайын күшейе түскені байқалады. Атыс шыққан жақтан екі жауынгер осында туралап жүгіріп келеді. Жакындаған сайын олардың берекетсіз жүгірісі үрейді алып барады. Есі кеткен екеуі арқа жағын қолдарымен нұсқап қойып жүгіреді. Оларды алдына салып атыс үні де жақындай түскендей.

Жауынгерлердің назары түгел соларға ауған. Бұл келе жатқандар байланысшылар еді. Олардың жақсылық хабар әкеле жатпағаны сезіліп тұр. Оң канаттағы Дмитриевскийдің батальонымен байланысты қалпына келтіруге шыққан ол екеуі осыдан бір сағаттай бұрын қаперсіз келе жатып жау шебінің тура үстінен шыққан. Байланысшылар картада белгіленген жолдан қателескен де, адасқан да жоқ еді. Бірақ оқыстан жауға тап болып, қоршауда қалып қояды. Содан бағытты өзгертуге тура келеді. Қолға түспеудің қамын жасап екеуі атыса отырып шегінеді. Ақыры таңертең батальон жүріп өткен

ізге тап болады. Байланысшылар картасын шығарып, жолын қайта бағдарлайды. Осы жерде кенет сол қанатта да атыс естіледі. Батальонның қоршауда қалып қойғаны айқын еді. Енді қолға түспеудің екі жолы бартұғын. Біріншісі — осы арадан арқаға тура тартуы керек. Өйткені жау әлі арқаны түгел қоршап үлгермеген болуға тиіс. Ендеше, уақыт ұттырмай резервке өтіп кетуге мүмкіндік бар деп түйеді. Екіншісі — иек астында жау барын білмейтін батальон қоршауда қалғалы тұрғанынан хабарсыз. Қазір жау қаперсіз батальонды бірнеше минуттың ішінде-ақ құртып жібереді. Ендеше, қалай да үлгеріп ескерту керек деп түйген байланысшылар осылай тартады. Бірақ бағытты көлденең қиып, Донмен жарыса созылып жатқан үлкен жолда неміс автомашиналарының ұзын легі өтіп жатады да, екеуі біраз кідіріп қалады. Лектің соңы таусылып болмайды. Алдымен танктер, онан соң солдаттар тиеген ашық қорапты автомашиналар, ізінше мотоциклистер шұбырып жатады. Өтуге қалай да бел буған байланысшылар шұбырған лектің қақ ортасынан қысқа ара қашықтықты пайдалануды ұйғарады. Ақыры оның сәті зорға түседі. Мотоциклистер легін өткізіп жібереді. Бірақ бұл екі араны пайдалану мүмкін болмайды. Ізінше автомашиналар легі келеді. Міне, ойламаған жерден бір жеңіл автомашина құйғытып келіп әлгіндегі тұста алдында кетіп бара жатқан автомашинаны тоқтатады. Сірә, бұл әскери басшылар мінген машиналардың бірі болса керек. Енді лектің ізіндегі ұзын күш түгел кідіреді де, алдындағылар оларға қарайламай кете береді. Міне, осы екі арада қысқа арақашықтықта ашық алаңқай пайда болады. Осы қолайлы сәтті пайдаланып екі байланысшы жолдың арғы бетіндегі орманды бетке ала жүгіреді. Жолды кесіп өте бергенде немістер оларды байқап қалып оқ жаудырады. Және лек те қайта қозғалады. Екеуі аман-есен қарсы беттегі орманға кіріп үлгереді. Сөйтіп байланысшылар өз батальондарына жеткен.

— Қоршауда қалдық, жолдас капитан, — деді екеуі қазір жарыса ентіге сөйлеп. Содан кейін олар көрген-білгендерін баяндай бастады.

Жағдай жауынгерлерге түсінікті еді. Енді не істейміз деген сұраулы жүзбен қазір бәрі батальон командиріне қарай қалыпты.

— Жау кеп қалды, — деген ащы дауыс жауынгерлер назарын бөліп жіберді. Іле қос бүйірден бір уақытта жау танкілері келді.

— Тез ұрысқа дайындалыңдар, — деген батальон командирінің әмірлі үні естілді, — қоршауда қалдық, қорғанысқа көшіңдер.

Жүрекке тікендей қадалған жат сөз құлаққа түрпідей тиді.

— Жігіттер, ұнжырғаларың түспесін, — деді взвод жауынгерлері алдында Лепес. — Туған ел, туған жер үшін, ата-аналарымыз үшін қасық қанымыз қалғанша, ақтық демімізге дейін айқасамыз.

— Айқасамыз.

— Айқасамыз, — деген дауыстар жамырай естілді.

— Отан үшін, атындар!

Кезек алған зеңбіректер үні орман ішін жаңғырықтырып жіберді. Бастырмалата кеп қалған жау танктерінің алдыңғы қатары кілт тоқтап жалынға оранды. Кейінгі лек тез есін жиып, екі жаққа жарыла шашырай жүріп келеді. Бұл — қоршаудың әрекеті және атқыштар полкімен соғыста жаудың тез меңгерген әдісі болатын. Әп-сәтте оннан да, солдан да жау танктері өре жөнелді. Құдды илеуінен шыққан құмырсқадай дерсің.

Жау шеңбері барған сайын тарыла түсуде. Және қос бүйірден сығып барады. Әр жерде өртке оранған жау танктері де көбейді. Жер құшқан жау солдаттарынан жер беті дестеленген пішендей. Шоқ-шоқ орналасқан орман арасындағы алаңқайға ұйып қалған көк түтін төңіректі түгел тұмшалап түк керсетпей жіберді.

— Жолдас командир, — деді әлден соң бір жауынгер Лепестің жанына жүгіріп кеп етпетінен құлап, — жалғыз-ақ зеңбірек қалды, не істейміз?

Бұл — атқыш Савельчук еді. Талай шайқаста бірге болған ер жүрек жауынгердің өңі бұзылып кетіпті.

— Оғы бар ма?

— Аз ғана қалған болуға тиіс.

— Ендеше, таусылғанша атындар. Бірақ, есінде сақта, бір де бір снаряд оғы бос кетпесін, түсіндің ғой. Бар тез!

Одан жауынгерлердің күйін сұрамады. Жағдай айтпай-ақ түсінікті еді. Атқыштар қатары сиреп қалған. Оны қазір атыс үнінің азая түскенінен де байқауға болатын. “Капитан Павелецкий қайда? Оның неге даусы естілмейді. Әлде оққа ұшты ма? Ендеше, жетекшілікті кім қолға алды? Ол қайда?” Басына бір уақытта ондаған сұрақ қатар келіп кептеліп қалды да, оған жауап таба алмай дал болды. Беліне байлаған гранатасының біреуін тапап кеп қалған жау танкісіне лақтырып үлгерді. Жалын оранған танкпен бірге іргедегі зеңбірек те зірк ете қалды да, ізінше гүрс етіп жарылды.

Ол беліндегі соңғы гранатасын да қолына алды. Міне, тағы да бастырмалата атқан екі жау танкі көрінді. Гранат біреу, танк екеу. Ұзын өңештерінен от құсып, темір табандар

жер бетін қамырдай илеп келеді. Оның соңынан құмырскадай өрген жау әскері көрінді. Артында да осы жағдай екені белгілі еді. Үш жақтан сірідей сыққан жау. Шығыс бет — иірімі қатты Дон.

Міне, танктер таяқ тастам жерге келді. Ол қайың түбін паналап орнынан сәл көтерілді де, гранатты қатты сілттеп қалды. Оң жақтағы танкты жалын шарпыды. Дәл түбіне келіп тағы да гүрс ете қалды. Ол паналап жатқан үлкен терек қопарылып кеткендей. Өзін басып қалмады ма? Әлде, танк тапап бара ма

* * *

Неміс автоматы тағы от құсып кеткенде, ол селк ете қалды. Оқ кеудесіне кеп қадалғандай жүрегі шаншып-шаншып кетті. Жанында кешеден лекке әзер ілігіп келе жатқан атқшы Савельчук құлап түсті. Оның ауыр денесі құлаған теректей гүрс ете қалды. Кешегі арпалыста жау снаряды түсіп құлаған теректің астында қалған ол белі мен оң жақ қабырғасы қозғалтпай жаны көзіне көрініп келе жатқан.

Савельчук бір қапысын тауып Лепеске сыбыр етті. Лепес оны естімесе де не айтпақ екенін түсінді. Өзі оң бүйірін қозғай алмай келеді. Әлдене бүйрегіне сүнгідей қадалып оқтын-оқтын сұғып алады. Мұндайда тынысы тарылып, талмаусырап қалады. Осындай бір сәтте ол есінен танып құлай жаздады. Әлден уақытта неміс автоматтары безектеп қоя бергендей болды. Ол тістеніп барып әрең қайта қозғалды. Қос самайдан сорғалаған ащы тер денесін жуып, төбесінен мұзды су құйып жібергендей болды. Көзін ашып алды. Ол дүрмектен қалмауға тырысады. Шыбын жаны көзіне көрініп-ақ келеді.

Савельчук оны әзер қуып жетіп, сыбыр ете қалғаны осындай бір сәт еді. Ол қазір қанды көйлек жолдасының жүзіне қарай алмады. Мына қанқұйлы жау алдында өзінің дәрменсіз екенін сездіргісі келмеді. Және оған жүрегі де шыдамай, ұқтым деп иегін шұлғыды. Савельчук мұнан әрі ілесе алмай кейін ығыса берген. Енді бір сәтте ер жүрек жауынгердің жер құшып жатқанын көрді. Алғашында оны Савельчук деп ойламаған. Еңсеріле бұрылып қарағанда барып байқады. “Хош бол. Уәдемді орындай алмағанымды кеш менің. Ол жауынгер досын құшып жылағысы келді. Жүрегі сыздап тұншығып кетті. Ажал оғын төгіп келе жатқан жау автоматтары оған қарай жарыса өңешін созды.

— Халът.

— Халът.

— Ха-ха-ха...

— Рус, азиат..?

— Ха, ха...

Ол әлденеден шошып оянғандай көзін ашып алды. Өзіне бағытталған ажал оғына карағысы келмей жүзін аударып өкетті. Неміс солдатының әлгіндегі мазағын көргісі де, естігісі де келмеді. Мен дайынмын қандай ажалға да. Ата берсін, атсын. Ат... ат. Ол бар күшін жиып, қайрат шақырып ілгері қозғалды. Әр аттаған сайын жау автоматының қанға шашалған үнін күтті. Бірақ оқ әлі атылған жоқ. Неге атпайды. Әлде асықпай мазақ қып өлтіргілері келе ме.

Лек баяу жылжиды. Қалжыраған тұтқындар іштей серт-тескендей, бір-бірінен қалмай да, озбай да ілбіп келеді. Жолдастарын жолға тастамауға бекінгендей. Жанындағылар оған кек оты тұтанған көздерімен ғана ымдап, қалма, қалай да бас аяғынды, не болса да қалған ‘ азапты бірге көреміз деп келе жатқандай.

— Тез.

— Бас аяғынды өлгің келмесе,— деп неміс солдаттары тұтқындардың әрқайсысын автомат ұңғысымен бір нұқып.— Қане, жүресің бе, жоқ па?— деп зекиді.

Орман арасын қуалай салынған тас жолда тұтқындар әрен ілбиді. Алдарынан әр шок тоғай шыққан сайын оларды осы арада күтқарушы күтіп тұрғандай дәмеленіп те қалады.

Украина ормандарының партизандарға толы екенін білетін. Ендеше, сол партизандардың қазір ойда жоқта тап бола кетуі мүмкін сияқты. Лепес төңірекке караумен болды. Алда орман көрінген сайын үміттене қарайды да, одан қара үзіп кеткенше күдерін үзбейді. Үміт бір тұтанып, бір өшіп алға жетелеп келеді.

...Бүгін жау қоршауында келе жатқанына жиырма күннен асты. Күнде кешке бір деревняға келіп түнейді. Мұнда тұтқындарды сиыр не доңыз қораға қамайды. Көптен тазаланбаған қора іші қаңсыған иіс, шыбын-шіркей. Түнімен қидың арасындағы бүргеге жем болған тұтқындар таңертең жүзі көнектей болып ісіп шығады. Мынадай баспанадан ашық аспан астында жатқанның өзі әлдеқайда артық көрінеді. Бірақ тұтқындарға ол да бұйырмайды. Таңертең тағы да бірнеше тұтқын сол ққлаған жерінен тұра алмай қалады. Мәңгіге көз жұмған жауынгер жолдастарымен тұтқындар іштей үнсіз қоштасады. Келесі күні таңертең оларды қайта айдап шығады.

Бүгін де кешқұрым тұтқындарды доңыз қораға өкеп қамаған. Сырттан темір тор құрып, бірнеше қатар күзеттер қойылған. Оң жақ бүйірі қозғалтпай Лепес бұдан әрі жолға ілесетін халінің жоқтығын сезгендей. Доңыз жатақтың сасық

иісі қолқаны қабады. Ұзын барақ ішіне қанша тұтқын сыйып кетті, оның есебін алу қиын. Еденге шөп-шалам, сабан төселген. Тар жерге қымтырыла келіп тізе бүккенінде астына мамық төселгендей болды. Қазір оның жанына Мырза кеп еңкейді.

— Лепес, сенің осы қабырға сүйектерін сау ма екен, — деп оның оң жақ бүйіріне абайлап қол жүгіртіп көрді. Қабырға сүйектерін саусақтарымен сипалап, біртіндеп басып-басып қарады. Әр басқан сайын:

— Ауыра ма? — деп сұрайды.

Онсыз да қиналып отырған Лепес оң жақ қабырғасының етегіне қол тигізгенде:

— Ойбай, — деп көзінен жас ытқып кетті.

— Таптым, — деді Мырза оның қан қатқан іш көйлегін қолмен жыртып жатып, — әкем сынықшы болатын. Сынық салу сырын әкемнен үйренгем. Ауылда аяғынан мерткікен қозының сынығын сала беруші едім, бірақ адам мертiгін салып көрген емен. Әйтсе де сенің жаранды жазып беремін. Оң жақ бүйіріңді оқ жалап өткен.

Сүйегі сау сияқты. Тек мына оқ тиген қабырғаң аздап ішке қарай майысқан. Ештеме етпейді. Әлі - ақ айығып кетесің, — деп қабырға терісінен шымши ұстап тартып қалғанда Лепестің шыбын жаны шырқырап шығып кете жаздады.

— Ах, — деп қалды ол қатты ауырсынып.

— Бұл әжемнің әдісі еді. Марқұм өлерінде батасын беріп кеткен. Әкей қайтыс болғасын ай жарымнан соң мен соғысқа аттандым, — деп, әкеге деген сағынышы ма, әлде балалық шағы есіне түсті ме, оның үні дірілдей шықты. Көңіл-күйіндегі өзгерісін сездіргісі келмей сөзінің артын жұтып қойды.

Мырза — Ақтөбенің жігіті. Айтуынша Лепес бірінші класқа барған мектебінде ол да оқыған. Лепестің үйі 1930 жылдың ашаршылығында Қарақалпақстанды бетке алып, Қонырат асып кеткен. Екеуі кездейсоқ бір батальонға түсіп осында танысқан. Оның Лепестен бір-екі жас кішілігі бар. Енді міне, тұтқында келе жатып екеуі тіптен жақын туыстай болып кетті. Жолда келе жатып та ол Лепеске қарайлап, оның жарасын таңып беріп, қолтығынан сүйеп, жәрдемдесті. Жолда оның денесінен оқ жырып кеткен терінің от орнындай аумағын көріп іштей шошынған. Көйлегін жыртып алып таңып берді де, бірақ сынығын қарай алмаған. Соның сәті енді түсті.

Қора ішінде тез қараңғылық орнады. Арыдан ыңырысқан, күрсінген, пыш-пыш әңгімелескендері, тыстан күзетшілердің арлы-берлі жүрген аяқ дыбыстары естілді.

Әлдебіреулері су, тамақ сұрайды. Лепестің таңдайы кебірсіді.

— Бұл қай жер, қай деревня екен?

Оған тұтқындардың ешқайсысы жауап бере алмайды.

Келесі күні таңертең бұларды доңыз қорадан алып шыққанда ғана Полтава облысының маңы екені белгілі болды. Әлгінде деревня сыртындағы орманға қарай үлкен темір жолдан алып өткен. Жақын маңда темір жол станциясы болуға тиіс.

Темір жол іргесіндегі қара жол тұтқындар легін үлкен елді мекенге алып келді. Кіре беріс жол бойына үлкен әріптермен “Дарница” деп жазылыпты.

— Бұл менің елім,— деді бетінің қорасан дағы бар, аласа бойлы, жапалақ сары жігіт сылтып басқан аяғын әрең қозғап. Ұзын көшенің арғы шетіне мойнын соза қарады. Үйінің биік мұржасын іздейтін сияқты.

Бұл мекен — бірнеше жолдың торабы, үлкен станцияға ұқсайды. Бірақ көшеде жүрген халық көрінбеді. Неміс солдаттарын тиеген автомашиналар ғана тастақ көшенің шаңын шығарып, тұтқындарды шаңға көміп өте шығады. Олардың тұтқындарды мазақтай күлгендері естіледі. Оларға күзет солдаттары бірдемелерді айтып дауыстайды да өздері мәз болысып күліседі.

— Хайт..., хайт..., рус...

— Ха... Ха...

Тұтқындар өздерін енді қайда алып бармақ екендігіне болжау жасай бастады. Станцияға әкелгені — поезға тиіемек. Оны бәрі де аңғарғандай.

— Поезбен Германияға әкетпек.

— Оны қайдан білдің?

— Е, не білетіні бар. Германияға апарып тегін жұмыс жасатып пайдаланбай ма. Оған көнбесең кез-келген сәтте-ақ атып тастай салады.

Лек орталық көшемен жүріп отырып, темір жол станциясына бұрылмай тура батыс шетінен бір-ақ шықты. Мұнда да оларды темір тор, жапырайған шошқа қоралар күтіп тұрған. Күзет мықты сияқты. Аттаған сайын әр барак түбінен қарулы күзет солдаттары көрінеді. Бөлек-бөлек орналасқан тікен темір торлар мұнда бұрыннан тұтқындар барын аңғартады.

Түске қарай шеткі бір баракқа әкеп қамады. Мұнда-ұзақ аялдай ма, қанша ұстамақ? Поезға неге тиіемеді. Оның бәрін түсіну қиын. Әйтсе де тұтқындар кіріп шыққанда мөлiметтер жинай келеді. Тiл жеткен жерден сұрап біледі. Ойша барлау жасайды. Әйтеуір, бір жаңалық біліп қайтуға тырысады. Осындай бір сәтте олар бұл арадан Киевтің онша қашық

емес екенін білді. Мұнда бұрыннан жатқан тұтқындар бар. Оларға орман ағашын кестіріп, орталық станцияның ерсілік-карсылы ағылған поездары өтетін жол тармақтарын кеңейтіп салдырған көрінеді.

Келесі күні тұтқындарды бөліп-бөліп орманға алып келді. Мұнда бұрыннан жұмыс жасап жатқан тұтқындармен әңгімелесудің сәті түскен. Тұтқындардың болжамы дұрыс болып шықты. Орман ағаштарын шауып, вагондарға отын тиеп, вагондармен келген жүктерді түсіреді. Әңгіме ретіне қарағанда, онша көп жұмыс көлемі байқалмайды. Ендеше, мың жарымға жуық тұтқынды бұл жерде ұзақ ұстауы мүмкін емес сияқты. Болжам расқа айналды. Расында да мұнда оң шақты күндей ғана ұстады. Бір күні тұтқындарды бір неше лекке бөліп станцияға қарай алып жүрді. Вокзалда көп адам жоқ. Неміс әскери адамдары жиі кездеседі де, жергілікті халық оқта-текте ұшырасады. Олар да жақын келіп сөйлесе алмайды. Алыста тұрып күдіктене қарайды да жөніне кете береді. “Біздерді келіп азат етеді деп жүргенде, сендер немістерге берілдіңдер”, — деп өкпе айтардай боп көрінеді.

Станцияда тұтқындарды ұзақ ұстамай күтіп тұрған поездың ашық вагондарына отырғызды. Поезд батысқа қарай аңырап тарта жөнелді.

Дарницада аялдаған он күн ішінде Лепес біраз тыңайып қалғандай сезінді өзін. Мырза өткендегі емдерін күнде қайталады. Енді бойын тіктеп жүре алатын халге жетті. Жарасының аузы қабыршақтанып, төңірегі қышып мазалай беретін болды. Орман ішінде отын кескенде жұмыстың жеңілдеу жағында жүруге тырысады. Бөрененің ауыр жағын Мырза өзі ұстайды. Оның үлесіне аз-кем демеп отыру ғана қалады. Жарасы жазылуға бет алған сияқты.

Лепес өздері орналасқан вагонның еденіне көз жүгіртіп еді, тұтас темір вагонға тап болыпты. Аяғымен теуіп көрсе вагон түгел даңғырлайды. Вагонның кең ашылып жабылатын үлкен қақпалы есігі әр ашылып жабылған сайын айқайлап, ойбайлап, елді көшіріп болады екен. Вагонның төбесі тұтас, дем кіретін де тесігі жоқ. Мұның бәрі мына дозақтан құтылу амалын жасауға сенімді жоғалта түсті.

Екі күн кідіріссіз жүрген поезд ысқырып отырып Польша жеріне енді. Анда-санда поляк тілінде жазылған көрсеткіштер ұшырасады. Түс қайта үлкен бір қалаға келіп кірді. Поезд тоқтағаннан кейін тұтқындар іштен айқайлап, қай қала екенін сұрап жатты.

— Варшава..., поляк, инзен...

— Варшаваға келдік, — десті тұтқындар бір-біріне. Біраздан кейін сықырлап темір есіктер ашылды да, тұтқындарды

түсіріп, қаланың шетіне қарай жаяу алып жүрді. Мұнда тұтқындар лагері бар екен. Айқыш-ұйқыш тартылған тікен сымдар. Әр барак өз алдына бөлек қоршалған. Сырттан бірнеше қатар күзет қойылған. Бұларды да осында әкеп кіргізді.

ВЕНИАМИНОВО ЛАГЕРІНДЕ

Вениаминово лагерінде ұзақ ұстады. Келген күні-ақ тұтқындардың бұрынғы әскери киімдерін сыпырып алып, бір түстен ала жолақ жұқа киімдер берді. Әрқайсысының мойнына нөмір жазылған темір қаңылтыр байлады. Лепеске¹ 112975 нөмірі тап болды.

Мұнда тұтқындарды тас карьерге әкеп жұмысқа салды. Таудың қотыр қара тасын жинап, жалғыз аяқты кішкене қол арбамен тасиды. Онда әрі бос платформаларға тиеп жібереді. Сірә, соғыстан қираған темір жолдарды жедел қалпына келтіру үшін қолданылатын болса керек. Мұнда канша ұстайтыны жөнінде тұтқындар ештеме біле алмай-ақ қойды. Біреулері:

— Енді осы арадан табан аудармайтын көрінеміз,— десе, енді біреулері:

— Бұл жерде ұзақ ұстамауға тиіс,— деп жори сөйледі.

Таудың зіл қара тасын сүймендеп қазып аударып, көтеріп жолға шығарып, вагонеткіге тиеу— қиямет-ақ жұмыс. Аштық пен ауыр жұмыс қалжыратқан тұтқындар ерсілі-қарсылы соқтығысып, күніге ондаған адам құлаған жерінен тұрмай қалады. Лепестің жарасы жазылып қалғанымен, енді аштық қысып барады. Асқазаны бүйіріне жабысып, ошақтай қотыр тасты кеудесімен тіреп, ілбіп өрең қозғалады.

— Тез қимылда!

— Бас аяғыңды!

Онсыз да құлағалы тұрған тұтқындарды күзетші солдаттардың әрқайсысы бір автомат дүбімен нұқып, кезек-кезек шаңқылдайды. Енді біреулері автомат ұңғысын қақ жауырыннан тіреп желкелейді. Мұндай сәтте сүрініп кетсең болғаны қайтып тұрмайсын. Құның жалғыз-ақ оқ.

“Өмір сүруің керек, Лепес. Сен небәрі жиырма жеті жастасың”, — деп тұрғандай оған әлдекім. Оның, ойын тағы да тата-талаған автомат үні бөліп жіберді. Оқ өзіне атылғандай біраз абдырап, өн-бойынан шоқ жүгіріп өткендей тұла бойы өртеніп, жауырыны шаншып кетті. Құлаған жоқпын, ендеше, өлі күшім бар. Ауыр тартқан денесін өрең қозғап, жылжи түсті.

Тұтқындар ішінде ауру-сырқау етек алған. Аштық қысып, бит буып, иіс-қоныс, аурудан азанда тұра алмай қалатындар

көбейді. Ауру жұғады деп неміс солдаттары шатыр ішіне бас сүкпайды. Таң атқасын өлі денелерді тұтқындарды. өздеріне жинатады да, қол арбаға тиеп, терең сайға апарып төктіреді. Мұның, бәрін тұтқындардың өздеріне істетеді де, неміс солдаттары кейінде тамашалап карап тұрады.

Күндер өтіп жатыр. Қай ай, қайсы күн екенін тұтқындар саусақтарын бүгіп санап жүрсе де қателеседі. Ал, күзетші солдаттар тұтқындармен әңгімелеспейді. Жақын жуытпайды да. Осы Вениаминово лагеріне жазда келген еді, енді күз түсіп қалғаны байқалады. Азанда шөп басына шық қонақтап қалады. Жапырақтар сарғыш тартып, таң салқыны дененді қари түседі.

Осы күндердің бірінде азанда әдеттегі уақытта тұтқындарды жұмысқа айдамай әлденеге бөгеді. Алдымен тұтқындарды сапқа тұрғызып түгендеді. Одан кейін біраз уақыт бос тұрыс болды. Тағы не ойлап тапты. Бұл жайдан-жай болуға тиіс емес. Лагерь тәртібіне үйренген тұтқындар мұны бес саусағындай біліп алған. Тағы да қамап қойып атқыламақ па екен.

Осыдан бірнеше күн бұрын мынадай бір ұмытылмастай оқиға болды. Азанда тұтқындардың өздерінен белгіленген кезекшілер ыдыстарын салдырлатып тамақ әкеле жатты. Тамақ деген аты ғана болмаса түбінде дәні жоқ сылдыр су.

Баракқа қайтып келе жатып еңгезердей тұтқын ыдыстарын біріне-бірі сапырып күйіп, түбіне шөккен аз ғана қоюын өз ыдысына күйіп алмақ болды. Онысын біліп қалған жанындағы тұтқындар әлгі ыдысқа жабысады. Шатырдың саңылауынан оларды асыға тосып отырған аш тұтқындар мұны көріп тысқа атып-атып шығып ортаға лап қойды. Сол-ақ екен, күзетшілер оларға оқ жаудырып, ортадағы алаңға шығып үлгергендердің біреуі де кейін қайтпады. Жау оғы жапырған өліктер ортада үйіліп қалды. Бұл күнді тұтқындар қаралы күн деп жариялады. Осы оқиғадан кейін арада апта өтпей, сапқа тұрғызғандарынан тағы бір сүмдықтың төніп келе жатқанын тұтқындар сезгендей. Не істесе де тезірек болса екен. Тұтқындар соны асыға күтеді. Әлден соң комендатура жақтан бір топ адам шыға келіп, тұтқындарға қарай жүрді. Оларды лагерь коменданты капитан Цинке бастап келеді. Орта бойлы, жуантақ денелі, кебежедей қарынын алдына өңгерген оны тұтқындар алыстан танитын. Жанындағы екі генерал одан кейіндеу келеді. Цинкеге тақау ортадан жоғары бойлы, үстінде сүрік қара шинелі, басында қалпақ, жақ сүйектері сыртына тепкен, жасы қырықтар шамалас, қара өңді біреу бар. Ол бойын кербез ұстап, маңғаз басады. Олар осы